

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің
мемлекеттік мекемелерін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 2 наурыз N 346

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) K941000_105-
бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінің аумақтық органдарының штат саны лимитінің шегінде аталған
министрліктің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелер (бұдан әрі - Мекемелер)
құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен 2000
жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігін ұстауға көзделген қаржы есебінен
Мекемелерді қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі бір ай мерзімде зандарда белгіленген тәртіппен:

1) Мекемелердің құрылтай құжаттарын бекітсін және олардың әділет
органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі өзге де іс-шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның аумақтық
органдары Мекемелерді тіркеуге көмек көрсетсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 2 наурыздағы N 346

қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат
және қоғамдық келісім министрлігінің құрылатын
мемлекеттік мекемелердің тізбесі

1. Ақмола облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 2. Ақтөбе облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 3. Алматы қалалық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 4. Алматы облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 5. Астана қаласы бойынша ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 6. Атырау облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 7. Шығыс Қазақстан облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 8. Жамбыл облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 9. Батыс Қазақстан облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 10. Қарағанды облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 11. Қызылорда облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 12. Қостанай облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 13. Маңғыстау облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 14. Павлодар облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 15. Солтүстік Қазақстан облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
16. Оңтүстік Қазақстан облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы

Оқынандар:

Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.